

## Республикалық валюта қорын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 20 шілде N 1300. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Республикалық валюта қорының толық көлемінде қалыптасуын, сыртқы қарыздың дер кезінде өтелуін, алтын қоры мен алмас қорының пайдаланылуына бақылауды күштейтуді, бағалы металдар мен асыл тастар сатудан түсімнің толық келіп түсуін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Республикалық валюта қорын қалыптастыру мен қаражатын пайдаланудың бағыттарын айқындау қызметі жүктелсін. Республикалық валюта қорының қаражатын нысаналы түрде пайдалануды бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

2. Шетелдік инвесторлардан алынатын бонустар мен роялтилердің барлық сомасы, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастарды сатудан түскен валюталық түсім сомасы арнаулы валюталық шотқа бөліне отырып, Республикалық валюта қорының кірісіне міндettі түрде есептелетін болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы алатын сыртқы зайлар туралы келісімге және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының сыртқы қарыздар лимиті мен сыртқы зайлға кепілдік лимиті шенберінде бекіткен Қазақстан Республикасының заем алушылары алатын Қазақстан Республикасының сыртқы зайлары бойынша кепілдігіне қол қою өкілдігі жүктелсін.

4. Алынатын шетел кредиттерінің көлемін дұрыс анықтау, сондай-ақ мемлекеттік бюджет құрамында сыртқы қарыздарды өтеу үшін қажет валюталық қаражат көлеміне болжам жасау мақсатында министрліктер, ведомстволар, ұлттық компаниялар, мемлекеттік концерндер мен корпорациялар, коммерциялық банктер, жергілікті әкімшіліктер, басқа да мемлекеттік басқару органдары, кәсіпорындар мен ұйымдар сыртқы зайлар /шетел кредиттері/ жөнінде келісім туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне міндettі ақпарат беріп

тұратын болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі:

асыл тастар мен бағалы металдарды тасымалдауға, экспедициялауға, сақтандыруға және инкассациялауға байланысты соммен жүмсалған барлық шығындарды өтей отырып пайда есебінен бағалы металдар мен асыл тастарды алуға, сақтауға және сатуға байланысты барлық шығынның орнын жабу үшін арнаулы қор құрсын;

бағалы металдар мен асыл тастар қалдықтарының мөлшері, олардың келіп түскен және сатылған көлемі туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ай сайын ақпарат беріп тұрсын;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қатысуымен бағалы металдар мен асыл тастарды сатудан түскен валюталық түсімді Ұлттық банктің сақтандыру, тасымалдау, ұшақ жалдау, бағалы металдар мен асыл тастарды жөнелтуге байланысты басқа да шығыстары жөніндегі валюталық шығынды шығарып тастаған соң Республикалық валюталық қорға аударуды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті